



**ҚАЛЫБЕКОВА АСМА АХМЕТҚЫЗЫНЫҢ 80 жылдығына арналған
«Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференциясының**

АҚПАРАТТЫҚ ХАТЫ

Елі: Қазақстан Республикасы

Өткізілетін орны: Шымкент қаласы, Тәуке хан даңғылы, 5

Өткізілетін күні: 26- қыркүйек 2025 ж.

Пленарлық мәжілістің өткізілетін орны және уақыты: М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Бас ғимараты, акт залы, сағ.: 15-00 (онлайн және оффлайн режимінде)

Ұйымдастырушы: «М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КеАҚ

Құрметті әріптестер!

Сіздерді М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық Ғылымдар Академиясының құрметті академигі, Шымкент қаласының құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Қалыбекова Асма Ахметқызының 80 жылдығына арналған **«Қазақ халық тәрбиесінің асыл мұрасы»** атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияға қатысуға шақырады.

А.А. Қалыбекова - отандық этнопедагогика және үздіксіз этномәдени білім беруді дамытуға зор үлес қосқан көрнекті ғалым және қоғам қайраткері. Ғалым-ұстаздың қазақ халқының педагогикалық мәдениетіне арналған еңбектері халықаралық деңгейде кеңінен танылған. Ол- үлкен ғылыми-педагогикалық мектептің негізін қалаушы. Қазақстан халқының бірлігі мен ұлтаралық келісімін нығайтуға елеулі үлес қосқан Қазақстан халқы Ассамблеясының ардагері.

Конференцияның мақсаты: этномәдени білім беру кеңістігін қалыптастырудағы заманауи ғылыми ізденістер мен тәжірибелерді талқылау, ұлттық мәдени құндылықтарды сақтау және дамыту жолдарын анықтау, білім беру жүйесіне этнопедагогикалық идеяларды тиімді ендіру мәселелерін қарастыру.

Сонымен қатар М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің Бас ғимаратында академик А.А. Қалыбекова атындағы 226 аудиториясында оқу залын ашу, Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің атақты ғалымдары мен оқытушыларымен кездесулер жоспарлануда.

Конференция жұмысы келесі секциялар бойынша жүзеге асырылады:

1. Қоғамның цифрлық трансформациялануы дәуіріндегі этномәдени білім берудің әдіснамасы мен теориясы.
2. Этномәдени білім беру кеңістігі – рухани-адамгершілік тұлғаны тәрбиелеудің негізі ретінде.
3. Болашақ педагогтарды этномәдени білім беру кеңістігін құруға даярлау.
4. Этномәдени білім беру ортасын қалыптастыруға психологиялық қолдау көрсету.
5. Цифрлық білім беру ортасында білім алушылардың этномәдени тәрбиесі мен білім алуының мәселелері және инновациялық шешімдері.

Конференция тақырыбы бойынша жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми-зерттеу еңбегі бар профессор-оқытушылар құрамын және ғалымдарын конференцияға қатысуға шақырамыз.

Конференция жұмысына қатысуға іс-шара тақырыбына сәйкес ғылыми зерттеулері бойынша маңызды нәтижелерге қол жеткізген Қазақстанның және шетелдердің жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының профессорлары мен оқытушылары, ғалымдары, сонымен қатар мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының, жалпы орта және кәсіптік білім беру ұйымдарының, білім беру басқарламалары ұйымдарының қызметкерлері, педагогикалық қауымдастықтың өкілдері шақырылады.

Күтілетін нәтиже: конференция қорытындысы бойынша ғылыми мақалалар жинағы жарияланып, этномәдени білім беру саласындағы өзекті ғылыми ұсыныстар әзірленеді. Конференция **онлайн/оффлайн форматтарында өтеді**. Онлайн-алаңның мекен-жайы қосымша хабарланады.

Конференцияның жұмыс тілдері: қазақ, орыс және ағылшын.

Конференцияға қатысу өтініштері (тіркелген үлгі бойынша), электрондық нұсқадағы баяндама мәтіндері, ұйымдастыру жарнасының (**3000 теңге көлемінде**) төлемі туралы түбіртектің көшірмесі aezov-17@mail.ru электронды пошта немесе келесі мекен-жай бойынша **2025 жылдың 10 - қыркүйегіне дейін** қабылданады: 160012, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, №16 оқу ғимараты, 2 -қабат, 220 -каб. Конференцияны ұйымдастыру комитетінің жауапты хатшысы: Назарбек Ұлжалғас Бақытқызы – философия докторы (PhD), Академиялық ғылым департаментінің директоры.

Баяндаманы рәсімдеуге қойылатын талаптар:

Баяндама мәтіні (A4 форматында, суреттер мен кестелерді қосқанда 6 беттен аспайтын) Microsoft Word мәтіндік редакторында терілуі қажет. Times New Roman шрифті (қаріп өлшемі – 11, жоларалық қашықтық – 1, сол жағы – 25 мм, қалған жақтары – 20 мм, жаңа жол бойынша шегініс – 1 см) қолданылады. Материал келесі тәртіппен орналастырылады: бірінші жолда түпнұсқа тіліндегі және ағылшын тіліндегі ЭОЖ (Әмбебап ондық жіктеу) көрсетіледі, бір жол төмен – бас әріптермен баяндаманың түпнұсқа тіліндегі **тақырыбы** (қою қаріппен), бір жол төмен – түпнұсқа тіліндегі автор(-лар)дың фамилиялары мен инициалдары, авторлар саны шектеулі (*үш автордан аспауы қажет*), бір жол төмен – түпнұсқа тіліндегі және ағылшын тілінде мекеменің толық атауы, қала атауы, ел атауы және электронды адрес (*e-mail*) жазылады. Келесі жолда курсивпен – орыс тіліндегі баяндамалар үшін **мүйін** және **abstract**, қазақ тіліндегі баяндамалар үшін **резюме** және **abstract**, ағылшын тіліндегі баяндамалар үшін **abstract** 150 сөзден 250 сөзге дейін жазылады. Бір жол төмен түпнұсқа тілінде және ағылшын тілінде **кілттік сөздер** жазылады, олар 7 сөзден кем болмауы тиіс. Сонан соң келесі жолда баяндаманың негізгі мәтіні түпнұсқа тілінде басылады. **Әдебиеттер тізімі** негізгі мәтіннің соңында бір шегіністен кейін көрсетіледі.

Баяндама мәтіні түзетілмейді және ол түпнұсқа болып саналады. Конференция еңбектерінің жинағы тікелей көшіру әдісімен теріледі. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен немесе талаптарға сәйкес келмейтін материалдар қабылданбайды, қарастырылмайды және қайтарылмайды.

Құрметті әріптестер! Сіздерден жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес, мұқият өңделген материалдарды ұсынуларыңызды сұраймыз.

Баяндаманы рәсімдеу үлгісі:

ЭОЖ (10 пт.)

МҰХТАР ӘУЕЗОВТИҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ДАМУҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ (11 пт.)

Асқарова Г. (11 пт.)

М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан (10 пт.)
@e.mail

Резюме: (10 nm.) 150-250 сөз
Abstract: (10 nm.) 150-250 words

Кілт сөздер: 7 сөзден кем емес

Keywords: not less than 7 words

Баяндаманың негізгі мәтіні (11 pt.)

Әдебиеттер (11 pt.)

Өтініш үлгісі:

Өтініш		
1	Баяндамашының тегі, аты-жөні (толығымен)	
2	Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы	
3	Мекеме атауы, лауазымы	
4	Мекен-жайы (индексі көрсетілуі міндетті)	
5	Байланыс телефоны, факс (халықаралық байланыс кодымен)	
6	Баяндаманың тақырыбы	
7	Секцияның атауы	
8.	Керекті техникалық құралдар	
9.	Қонақ үй орындарын брондау қажеттігі (иә, жоқ)	

Барлық сұрақтар бойынша конференцияның ұйымдастыру комитетіне хабарласуларыңызды сұраймыз:

Телефондар: +7 (7252) 21-06-48, ұялы тел.: +7 (771) 250-54-01

E-mail: auezov-17@mail.ru

Мекен-жайы: 160012, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Тәуке хан даңғылы, 5.